

ТАҚЫРЫБЫ: Көліктер және оның түрлері	Мектеп: №88 жалпы білім беретін мектеп	
Күні: 28.01.2019ж	Педагогтің аты-жөні: Дүнгенбай М.Д.	
Сынып/топ: мектепалды даярлық	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ оқытылу мақсаты	0.1.1.1 Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау 0.1.2.1 Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану 0.1.3.1 Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау 0.2.1.1 Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстайды. Көліктің түрлерін біледі.	
	Көпшілік тәрбиеленушілер: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.	
	Кейбір тәрбиеленушілер: Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Сөздердің мағыналарын түсінеді. Әңгіме құрастырады, сөздік қорын кеңейтеді. Көптілділік: <i>жол – дорога – road, көлік – транспорт – transport</i> Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Көліктер, жердегі көліктер, әуедегі көліктер <i>Пікір алмасу сұрақтары:</i> Қандай көлік түрлерін білесіңдер?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Балалар бағдаршамның қызметін біледі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 минут	(Ұ) Шаттық шеңбері. Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Ақыл-ой өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі заңды тәртіп, Ол ортақ үлкен-кіші баршамызға. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қан жоқ. Су ішеді, майжейді, Бұларды не дейді? (<i>Көліктер</i>) Топқа бөлу. Балалар таңдауы бойынша көлік суреттерімен 3 топқа бөлінеді. (1-топ: Жер көлігі, 2-топ: Ауа көлігі, 3-топ: Су көлігі). Көптілділік: <i>жол – дорога – road, көлік – транспорт – transport</i> Миға шабуыл: <i>Ашық сұрақтар:</i> 1. Сендер қандай көлік таңдадыңдар? 2. Бұл қандай көліктер?	
II. Мақсатты болжам. 3-5 минут		

<p>ҰОҚ ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6-27 минут</p>	<p>3. Бір сөзбен қалай атаймыз? Көліктер туралы лайд көрсетіледі.</p> <p>Педагог көлік және оның түрлерімен танысатынын және көліктердің түрлері көп екенін айтады. Соның ішінде адам таситын және арнайы қызмет көліктері болады.</p> <p>«1-тапсырма:» 1-топ: Суреттегі көліктерді атайды. 2-топ: Көліктерді сәйкестендіру. 3-топ: Артығын алу.</p> <p>Сергіту жаттығуы: Музыка әуенімен мәшиненің рулін айналдырып билеу.</p> <p>Әліппе-дәптермен жұмыс: «2-тапсырма». Жұмбақ шешейік. Төбесінде ебелек, Ұшады ол керемет. (<i>Тікұшақ</i>) Табанында жолы бар, Төбесінде қолы бар. (<i>Трамвай</i>) Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (<i>Автобус</i>)</p> <p>3-тапсырма. Суретті толықтырып сал. 4-тапсырма. Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыр». Педагог сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырады. Мысалы: Егер жермен жүрсе бұл ... (<i>жер</i>) көлігі. Олар: КамАЗ, автобус, өрт сөндіргіш мәшине. Егер сумен жүрсе бұл ... (<i>су</i>) көлігі. Олар: кеме, қайық, катер. Егер әуеде ұшса, бұл .. (<i>әуе</i>) көлігі. Олар: ұшақ, тікұшақ, зымыран. Педагог балалармен қоғамдық көлікте ережелерді сақтау туралы әңгімелеседі. Ережелерді балалармен бірге талқылау. – Қоғамдық көлікке ешкімді итермей, асықпай кір. – Айналадағы адамдармен сыпайы сөйлес. – Көліктің ішін ластама, орындықты сызба. – Жолақысын уақытымен төле. – Үлкен кісілерге орын бер.</p>	<p>Әліппе-дәптер</p>
<p>IV. ҰОҚ қорытындысы.</p>	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды.</p>	<p>Әліппе-дәптер, түрлі түсті</p>

Рефлексия. 28-30 минут	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап қорыту. Балалардан мәшинені түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: Ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	қарындаштар
----------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------

«Бекітемін»

Мектеп директорының м.а:

Р. Жұмашқызы

АШЫҚ сабақ

Тақырыбы: «Көліктер және оның түрлері»

Алматы 2019ж